



БИЫЛ МӘМС ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ?

6-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



АЙЫП САЛҒАННЫҢ ЖӨНІ ОСЫ МА?

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ЖҮМЕКЕН МЕН ТӘКЕНДІ ОҚУ ЖЫЛЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшеді.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

”

№3
(4747)
Сенбі
11 қаңтар
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPAPAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АСТАНАДАН – САМАРҚАНДҚА

Астанада «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен «Өзбекстан темір жолдары» АҚ өкілдері кездесіп, өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

«Қазақстан темір жолы» компаниясы мәлім еткендей, келіссөз барысында Қазақстан мен Өзбекстан арасында қатынайтын туристік пойыздардың рейсін тұрақты негізде ұйымдастырып отыру келісіміне қол қойылды. Сонымен қатар бірлескен жобаларды іске асыру үшін жұмыс тобы құрылды.

«Бұл бағыттағы алғашқы қадамның бірі – екі елдің теміржол компаниялары ұйымдастырған Jibek joly туристік пойызының жолға шығуы. Қазіргі таңда Астана-Самарқанд жаңа халықаралық теміржол бағытын ашу мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Ол екі елдің туристік әлеуетін одан әрі дамытуға ықпал етеді» делінген ҚТЖ компаниясы таратқан хабарламада.

■ SANСӨЙЛЕМ

БИЫЛ ЕЛОРДАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ПАРКІ ТАҒЫ

300

ЖАҢА АВТОБУСПЕН ТОЛЫҒАДЫ



Бас қалада жұмысшы мамандықтары жылына орай бірқатар жоба жүзеге асады. Биыл елордада 5 мыңнан астам адамды кәсіптік оқыту жоспарланып отыр. Сондай-ақ 10-11-сынып оқушылары мектепте оқумен қатар, колледжде практикадан өтіп, бір жұмыс біліктілігіне ие болады.



ЖҰМЫСШЫ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

ЫСТЫҚ ШАЙ МЕН БАУЫРСАҚ ТАРАТТЫ

Елордалық еріктілер «Таза Қазақстан» акциясы аясында коммуналдық қызметкерлерге бауырсақ пен ыстық шай таратты.

Бүгін аталып өтетін Халықаралық «рақмет» күніне орайластырылған акция барысында елордалық еріктілер күн сайын, ауа райына қарамастан, қалада жайлылық пен тәртіпті қамтамасыз етіп жүрген жандарға алғысын білдірді.

«Біз бауырсақ пен ыстық шайды тарату арқылы өз қамқорлығымыз бен ризашылығымызды білдіреміз. Халықаралық «рақмет» күнін осымен екінші жыл қатарынан атап өтіп жатырмыз. Жыл сайын осы акцияға көп адам қатысады деп үміттенеміз» деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы еріктілер қозғалысын дамыту бөлімінің маманы Дана Тәкенова.



ELORDA INFO

11-12 ҚАҢТАР

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Ақмола, Абай, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстары

Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12 А, Koktal сауда, ойын-сауық орталығы

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 544.86 \$ USD/KZT 527.3 ₸ RUB/KZT 4.95 ¥ CNY/KZT 71.95

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ТРАНЗИТТІК ХАБТЫҢ МҮМКІНДІГІ ЗОР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевты қабылдады. Мемлекет басшысына ұлттық компанияның былтыр атқарған жұмысы туралы есеп берілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының айтуынша, негізгі өндірістік көрсеткіштерде өсімнің оң қарқыны сақталып отыр. Эксплуатациялық жүк айналымы 272 миллиард тонна-шақырымды құрады. Қазақстан-Қытай түйіспелері арқылы 32 миллион тонна жүк тасымалданды. Бұл – рекордтық әрі 2023 жылымен салыстырғанда 13,1 пайызға артық көрсеткіш. Контейнерлік транзит 8,8 пайызға өсті. Тасымалданған контейнерлер саны 1,4 миллион жиырма пұттық эквивалентті құрады.

Президентке ірі инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылу барысы және транзит әлеуетін дамыту жөнінде берген тапсырмаларының орындалуы жайында баяндалды. Нұрлан Сауранбаевтың айтуынша, 2800 шақырымнан астам темір жолға жөндеу жұмыстары жүргізілген. Достық – Мо-

йынты, Дарбаза – Мақтаарал бағыттарында және Алматы торабының айналма жолында 1000 шақырымнан астам жаңа желі салынып жатыр. Достық – Мойынты учаскесі және Жетіген – Қазыбек-бек айналма желісінің екінші жолдарын салу жұмыстары кестедегі мерзімінен бұрын, яғни биыл аяқталады.

Мемлекет басшысына қазақстандық дәліздерге жүк ағындарын тарту үшін терминал желісінің кеңейіп жатқаны туралы мәлімет берілді. Сиань қаласының құрғақ портында Қазақстан-Қытай терминалы іске қосылды. Бұл Транскаспий бағыты арқылы Қытайдан келетін тасымалдың ұлғаюына ықпал етті. Алматы қаласында, Әзербайжанның Алят теңіз портында, Мажарстан астанасы Будапешт қаласында, Мәскеу маңындағы Селятино кентінде Шығыс – Батыс бағыты бойын-

ша терминалдардың құрылысы басталды. Қытайлық серіктес Ляньюньган портымен бірлесіп, Ақтау портында контейнерлік хаб салу жұмыстары қолға алынды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қолдау білдірген бірқатар жаңа жобалар таныстырылды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Президентке компания инфрақұрылымды, терминал желісін дамытуға және цифрлық шешімдерді енгізуге баса назар аударатынын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағыттардағы жұмысты жандандырудың маңызын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, алға қойған міндеттерді жоспарлы іске асыру Қазақстанның Еуразиядағы транзиттік хаб ретіндегі әлеуетін нығайтуда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУЕТІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әлемге белгілі кәсіпкер және жасанды интеллект саласындағы сарапшы Ли Кай-Фуды қабылдады.

Мемлекет басшысы Innovation Venture жасанды интеллект институтының президенті, доктор Ли Кай-Фумен кездесуде озық технологияларды енгізудің стратегиялық маңызын атап өтті. Сондай-ақ әлемдегі жетекші сарапшылармен тәжірибе алмасу цифрлық

трансформациядағы өршіл мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ли Кай-Фу жасанды интеллектті білім, денсаулық сақтау, энергетика және қоғамдағы басқа да түрлі салаларда пайдалану бойынша пікір алмасты. Қытай

мен АҚШ елдерінде жасанды интеллект саласын дамытуда және бағдарламалық өнімдер әзірлеуде бай тәжірибесі бар Ли Кай-Фу Қазақстанның IT бастамаларды енгізу, бәсекеге қабілетті технологиялық экожүйе құру ісіндегі әлеуетін жоғары бағалады.



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аса көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауиннің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын-жуықтарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Мұхтар Мұқанұлы ғибратты ғұмырын киелі сөз өнеріне арнаған, ұлттық әдебиетіміз бен тарихымыздың көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан заңғар тұлға еді. Төл руханиятымыздың төрге озуына, ұлт тарихнамасының тасқа

басылуына өзінің алға қойған асыл мұратымен, қайтпас қажыр-қайратымен қалтқысыз еңбек сіңірді. Халық жазушысының қуатты қаламынан туған шығармалары, тарихи еңбектері, естелік-эсселері қалың оқырманның жүрегі-

нен өз орнын тапты. Соңына бай әдеби мұра қалдырып, өнегелі өмір сүрген Мұхтар Мұқанұлының қайталанбас есімі халқымыздың жадында сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын» делінген жеделхатта.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ НАВИГАТОР ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛДЫ?

Атап айтқанда, ол жұмысшы мамандықтары қазақстандық еңбек нарығының негізі болып қала беретінін хабарлады. Барлық жұмыс істейтін қазақстандықтардың жартысынан астамының (52%) кәсіптік немесе техникалық білімі бар. 2,3 млн-ға жуық адам 2 мыңнан астам жұмысшы мамандығы бойынша жұмыс істейді. Мамандарға деген жоғары сұраныс көптеген бос жұмыс орындарымен байланысты, өткен жылы 270 мыңнан астам бос жұмыс орнын құрады. Жұмысшы кадрлар көлік, сауда, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда көбірек сұранысқа ие. Сонымен қатар актуарлық модельдер негізінде жасалған болжамдар таяу жылдары жұмысшы кадрларға деген қажеттілік тек арта түсетінін көрсетеді. Алдағы 6 жылда кадрларға жиынтық сұраныс 1,6 млн адам деп бағаланады, оның ішінде жартысынан астамы – кәсіптік-техникалық білімі бар қызметкерлер, олардың 400 мыңға жуығы – жұмысшы мамандықтар.

Кадрларды даярлауды, оның ішінде жұмысшы мамандықтарды неғұрлым тиімді жоспарлау мақсатында министрлік жобалардың инновациялық навигаторын әзірледі. Платформа кадрларға деген қажеттілікті болжауға, сондай-ақ еңбек нарығының сұраныстарын техникалық және кәсіптік білім беретін (ТЖКБ) ұйымдарда мамандар даярлаумен үндестіруге мүмкіндік береді. Бүгінде платформада 755 инвестициялық жоба қамтылып, 150 мың жұмыс орнын құру жоспар-

ІС-ШАРАЛАР НАҚТЫЛАНДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы бастамашы болған Жұмысшы мамандықтары жылы шеңберіндегі іс-шаралар жоспары қаралды. Қабылданып жатқан іс-шаралар туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова баяндады.



ланған. Талдау әртүрлі аймақтардағы еңбек нарығының қажеттіліктері мен колледж студенттері (ТЖКБ) түлектерінің арасындағы үлкен алшақтықты көрсетті.

Сондай-ақ Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерімен интеграция аяқталды және олардан деректер түскеннен кейін кадрларды даярлауды мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылатын жобалармен үндестіріледі. Кадрлардың дайындық сапасын қамтамасыз ету үшін министрлік жұмысшы мамандықтар бойынша 1,6

мың кәсіптік стандартты жаңартты. Олардың негізінде білім беру бағдарламаларының 87%-ы жаңартылды. Еуропа стандартының (ESCO) қолданылуымен 12 мыңнан астам дағдыны қамтитын электрондық дағдылар банкі құрылды. Биыл тағы 100 кәсіптік стандарт әзірленіп, жаңартылады. Біліктілікті тануды бағалау 4 тәуелсіз орталықтың базасында басталды. Биыл тағы 5 орталықты, оның ішінде халықаралық стандарттар бойынша 2 орталықты ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «Enebek» платформасы

жұмысшы мамандықтары бойынша дағдыларды дамытуға да белсенді ықпал етеді. Кәсіби мансапты таңдау және өзінің мансаптық траекториясын басқару үшін мамандықтар, жалақы, білім беру талаптары, оқу орындарының рейтингі және басқалар туралы егжей-тегжейлі аналитикасы бар «Мансап компасы» жобасы іске асырылуда.

КӘСІПТІК ОҚИТУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша кәсіптік оқыту және жұмыс орнында оқыту белсенді дамып келеді. Биыл 12 мыңға жуық адам осындай курстардан өтеді. Студенттердің практикалық дағдысын игеру үшін біз электрондық еңбек биржасында өндірістік практиканың функционалын іске қостық. Онлайн оқыту платформасында бүгінде 643 онлайн курс қолжетімді, ал оқутудан 410 мың адам өтті. Министрліктің жоспарында жұмысшы мамандықтары бойынша және өндірістік практика үшін VR және AR-технологияларды пайдалана отырып, практикалық курстарды іске асыру міндеті де бар. Қанатқақты жоба Қонаев, Өскемен, Түркістан, Астана және Шымкент қалаларының мансап орталықтарында іске асырылады.

Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес тәлімгерлік институтын

дамыту, бос орындар жәрмеңкесін өткізу, оқушылар мен техникалық-кәсіптік білім беретін мекемелерінің (ТЖКБ) студенттерін жұмыс іздеу және жұмысқа орналастыру дағдыларына оқыту көзделген. Жұмысшылардың құқығын қорғауды күшейту үшін әлеуметтік әріптестермен бірлесіп мынадай іс-шаралар іске асырылады: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы цифрлық мониторинг арқылы өндірістік жарақаттанудың алдын алу тетіктерін жетілдіру, кәсіпорындарға тәуекел классын бере отырып, кәсіптік тәуекелдерді интегралды бағалауды енгізу, сондай-ақ оқытуға және білімді тексеруге қойылатын талаптарды, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту.

Еңбек қатынастарының ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілердің штат кестесін орналастыруын, еңбек және ұжымдық шарттар жасасу рәсімдерін электрондық форматқа ауыстыруды көздейтін еңбек қатынастарын декларациялау тетіктерін енгізу жоспарлануда.

Халықаралық еңбек ұйымы ынтымақтастық шеңберінде заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды көздейтін лайықты еңбек қағидаттарын ілгерілету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары іске асырылады.

Жұмысшы мамандықтары саласындағы маңызды жобалардың бірі – кәсіпорынның цифрлық картасы. Бұл нақты уақыт режимінде кәсіпорындардағы тәуекелдерді алдын ала анықтауға және алдын алу шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Модельде 60-тан астам қаржылық, әлеуметтік және еңбек көрсеткіштерін қоса алғанда мәлімет қолданылады.

НЫСАНДАРДЫ АРАЛАП, КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ

Парламент Мәжілісінің депутаттары Павел Казанцев пен Самат Нұртаза Астанадағы бірнеше әлеуметтік нысанды аралап, бірқатар кездесу өткізді. Алдымен депутаттар Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ғимаратында мәдениет саласының өкілдерімен жүздесті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Кездесуге қалалық Мәдениет басқармасының басшысы, әкімдікке қарасты театр жетекшілері мен қызметкерлері қатысты. Кездесу барысында мәдениет саласындағы бірқатар өзекті мәселе талқыланды. Атап айтқанда, саладағы шығармашылық бастамаларды қолдау, әлеуметтік жағдайды жақсарту туралы айтылып, инфрақұрылымдық және т. б. мәселелерге байланысты ұсыныстар ортаға салынды. Депутаттар айтылған пікірлерді мұқият тыңдап, көтерілген мәселелерді Парламент деңгейінде қарастыруға уәде берді.

Бүгінгі таңда елордада мәдениет саласында қала әкімдігіне қарасты мекемелерде 2200 қызметкер жұмыс істейді. Соның ішінде 6 театр, 3 музей, 22 кітапхана, 1 концерттік бірлестік бар. 2024 жылы қаланың мәдени мекемелері 19402 іс-шара өткізді. Оларды 2348468 адам тамашалады. Ал театрларда былтыр 1013 қойылым, соның ішінде 28 премьеры сахналанып, 354608 көрермен қамтылды.

Павел Казанцев пен Самат Нұртазаның №3 қалалық емхана ұжымымен кездесуінде денсаулық сақтау саласына қатысты мәселелер талқыланды. Әсіресе емханалардың материал-



дық-техникалық базасын нығайту мен жаңа ғимарат қажеттілігі секілді сұрақтар назарға алынды. Депутаттар медицина қызметкерлерінің пікірлері мен ұсыныстарын мұқият тыңдап, оларды шешу үшін жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты. Жиын соңында олар денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты дамуы мен медицина саласының қызметкерлерін қолдаудың маңызын ерекше атап өтті.

Балабақшалар басшыларымен кездесуде колледжден кейін тәрбиеші жалақысының аздығы, сондықтан кадр ауысуының жиілеп кеткені үлкен әңгімеге айналды. Бас қалада балабақша тапшылығы туралы да айтылды. Сондай-ақ депутаттар К.Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейге барды. Аталмыш мектепте 4900 бала оқиды. Депутаттар мектеп жағдайымен танысты.

Шағын және орта бизнес – елорда экономикасының негізі. Оның қала экономикасына қосатын үлесі 72%-ды құрайды. Күн сайын 244 мыңға жуық шағын және орта бизнес өкілдері жарты миллионнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етуде. Бұл қаланың жұмысқа жарамды тұрғындарының 70%-ын қамтиды. Кәсіпкерліктің пайдасын осыдан да байқауға болады.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ПАРКТЕР ИГІЛІГІ

№1 индустриялық парк – барлық индустриялық парктер арасында республикалық көрсеткіштер бойынша елде көшбасшы. Жұмыс істеу кезеңінде бұл парк 8,1 трлн теңге өндіріс көлеміне жетті. Республикалық көрсеткіштер бойынша парк өндіріс көлемі жағынан 73%, салық аударымдары бойынша 51%, ал экспорт үлесі бойынша 21%-ды құрайды. Индустриялық парк аумағында жалпы инвестиция көлемі 317 млрд теңгені құрайтын 118 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде 185 млрд теңге сомасына 60 өнеркәсіп нысаны іске қосылып, толық жұмыс істеп тұр. 5700-ден астам тұрақты жұмыс орны құрылған, 58 жоба жүзеге асырылуда. №1 индустриялық парктің табысты тәжірибесі №2 индустриялық паркті іске қосуға серпін берді.

Жаңа парктің аумағы 409 гектарды құрайды. Оның әлеуеті 2042 жылға дейін есептелген. №2 индустриялық парк инфрақұрылымы өндірістік ғимараттар, логистикалық қойма, кеден, электрмен жабдықтау желілері, сумен жабдықтау және кәріз жүйелері, жылумен жабдықтау құрылысын қамтиды. Бұл индустриялық парктің негізгі ар-

тықшылығы арнайы экономикалық аймақ мәртебесі болмақ. Бүгінгі өзінде инвесторлар тарапынан қызығушылық байқалып отыр.

Аталған аумақтың қажетті инженерлік инфрақұрылымын қамтамасыз ету 2025 жылға қарай аяқталады деп жоспарлануда. Осы мерзімде инфрақұрылымның 1-кезегін салып, толық аяқтау 2030 жылға жоспарлануда. Аталған алаңды дайындау жұмысы аяқталғаннан кейін өңдеу өнеркәсібінің жаңа инвестициялық жобалары тартылады.

Астана қаласының әкімдігі Назарбаев университетімен бірлесіп, «Астана-Технополис» АЭА №2 индустриялық паркін дамыту мәселелерімен, өнеркәсіп кластерлерін ғылыми зерттеулермен және инновациялармен интеграциялау есебінен айналысуда. Индустриялық парктер базасында жаңа кәсіпорындар ашу көзделуде, оның ішінде №2 индустриялық парк аумағында 500 млрд теңге сомасына 150-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда.

Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы
мәслихатының депутаты

«АСТАНА АРЕНА» ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ



«Астана Арена» стадионы реконструкциядан кейін халықаралық матчтарды өткізуге дайын. Сонымен қатар «Қазақстан» спорт сарайын қайта жаңғырту жұмысы басталды. Бұл туралы Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Қазіргі таңда UEFA талаптары мен ұсыныстарын ескере отырып, барлық құрылыс-монтаж жұмысы аяқталды. Атап айтқанда, ескі жабындылар, алаңды жылыту және суару жүйелері толығымен ауыстырылып, жасанды газон жаңартылды. Өткен жылдың желтоқсан айында футбол алаңы UEFA стандартына сәйкес сертификаттаудан өтіп, халықаралық сертификатқа ие болды. Сонымен қатар елордалық мәслихаттың қолдауымен бастапқыда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі арқылы жүзеге асырылған «Қазақстан» спорт сарайын қайта жаңғырту жұмысы басталды. Қазіргі уақытта тиісті құжаттарды рәсімдеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Құрылыс-монтаж жұмысын биыл бастау жоспарланып отыр. Жобаны аяқтау және нысанды пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланған. Бұл жоба су спорты түрлерін, мөнерлеп сырғанауды дамытуға және елорда тұрғындарының белсенді демалысы үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

ТӘУЛІК БОЙЫ ТАЗАЛАП ЖАТЫР

Астананың коммуналдық қызметтері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Соңғы тәулікте қаланы қардан тазалау жұмысына 2600-ден астам жол жұмысшысы мен 1700-ден астам арнайы техника жұмылдырылды.



9 қаңтардан 10 қаңтарға қараған түні қаладан 3600-ден астам ауыр жүк рейсімен 50 мың текше метр қар, ал қыс мезгілі басталғалы қаладан

2740222 текше метр қар 209896 ауыр жүк рейсімен шығарылды.

Ең алдымен, жолдарда кептеліс болмас үшін қозғалысы өте қарқын-

ды орындар тазартылады. Сондай-ақ қарқындылығы орташа учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т. б. тазартылады. Орталық көшелер, жолаушылар көлігі маршруттары жүретін орындар, аялдамалар мен тротуарлар да қалыс қалмады.

Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

Елорда әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарынан жолдарда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда алыс сапарларға шықпауды, төтенше жағдай туындаған кезде «112» нөміріне хабарласуды сұрайды.



ЕРІКТІЛЕРДІҢ КӨМЕГІ

Елорданың еріктілері «Игі істер марафоны» дәстүрлі акциясын белсенді түрде жалғастырып келеді. Оның аясында волонтерлер жалғызбасты зейнеткерлердің ауласын қардан тазартуға көмектесті.

Астанада қалың қардың жаууына байланысты қар күреу жұмысы тәулік бойы ауысыммен жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, жастар халықтың әлеуметтік осал санатындағы ардагерлер мен мұқтаж азаматтарға белсенді түрде көмектесіп, ауласының қарын күреуге атсалысып жатыр.

Іс-шараны «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Елорданың 10-ға жуық волонтері жалғыз тұратын ардагерлерге үйлері мен аулаларын тазалауға, ауласын қардан күреуге қолғабыс білдірді.

«Біз, «Астана жастары» еріктілері, жалғызбасты зейнеткердің ауласын қардан тазарту үшін кезекті «Игі істер марафонына» жиналды. Айта кетерлігі, елордалық қарияның ауласын екі жылдан бері тазалауға көмектесіп ке-

леміз. Қарттарымыз еркін жүріп, таза ауада серуендеуі үшін ауланың қарын күреу маңызды» дейді белсенді волонтер Давид Шарипов.

Ауланы қардан күреу қарт кісілер үшін оңай шаруа емес, сондықтан мұндай көмекке олар қашанда дән риза.

«Биыл біз елордадағы қарт кісілердің ауласының қарын күреу науқанын Жеңістің 80 жылдығына орайластырып отырмыз. Сондықтан биыл ардагерлер мен қарт кісілерге көбірек көңіл бөліп, ауласының қарын тазалауға көмектесіп қана қоймай, шағын сыйлықтар әкеліп, әңгімелесіп, ақ батасын алдық. Бұл науқанның әрі қарай да жалғасатынын атап өткіміз келеді» дейді «Астана жастары» волонтерлік қозғалысты дамыту бөлімінің маманы Дана Тәкенова.



**Ержан
ҚОЖАС****ҮКІМЕТ ҮНДЕМЕЙ
ҚАЛМАЙДЫ**

Осы аптада Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысының тақырыбы осы болған. Жиында мәлім болғандай, жұмысшы мамандықтардың маңызын арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауда Үкімет «Жұмысшы мамандықтарының жылы» ұйымдастыру жөніндегі республикалық жоспарын бекіткен. 7 бағыт пен 70 қадамнан тұратын құжатта жаңа мамандықтар атласын әзірлеу, кәсіптік бағдар беру тұжырымдамасын жүзеге асыру, техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау, кәсіби білікті кадрлар даярлау, сапалы жұмыс орындарын құру, жұмысшы кадрлардың құқығын қорғау және мәртебесін көтеру мәселесін қамтыпты.

Бір белгілісі, осы отырыста Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова елдегі 4,8 миллион адамның (барлық жұмыс істейтін азаматтың 52 пайызы) кәсіптік немесе техникалық білімі барын айтты. Өткен жылы мұндай мамандарға қажеттілік (270 мыңнан астам бос жұмыс орны) жоғары болған. Кадрлар көлік, сауда, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда көбірек сұранысқа ие.

«Алдағы 6 жылда кадрларға жиынтық сұраныс 1,6 млн адам деп жоспарлануда. Мұның жартысынан астамы кәсіптік-техникалық білімі бар жұмыскерлерге тиесілі болса, оның ішінде 400 мыңға жуығы – жұмысшы мамандықтары. Бұған мамандандырылған техника жүргізушісі, сантехник, дәнекерлеуші, құрылыс мамандықтары мен техникалық бағыттағы жұмысшылар жатады» дейді министр.

**ЗӘРУЛІКТІҢ БІРІ –
ТЕХНИКАЛЫҚ
МАМАНДЫҚ**

Қазақстанның өнеркәсіп және құрылыс саласында кадрға қажеттілік 39 мыңнан астам адамды құрайды. Мұны да Үкімет отырысында Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев мәлімдеді. Оның айтуынша, ең үлкен тапшылық құрылыс, су саласы, өңдеу өнеркәсібі, металлургия және тау-кен өндірісінде болып отыр. Бұл мәселелерді шешу үшін министрлік жаңа мамандықтар атласына 75 мамандық енгізген. Ал Энергетика министрі Алмасадм Сәтқалиевтың сөзінше, республиканың отын-энергетика кешені саналатын 1671 кәсіпорында 303 мыңнан астам түрлі кәсіптегі қызметкер жұмыс істейді. Сондай-ақ 2030 жылға дейін салада 83 мыңнан астам сапалы жұмыс орнын құрып, 99 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Тағы бір тың жаңалық, елдің көлік-логистика саласында 25 жаңа мамандық пайда болады. Көлік министрі Марат Қарабаев айтқандай, автомобиль жолдарын салу мен реконструкциялауды жобалау кезінде «ақылды жолдар» бойынша тиісті инженер-жобалаушы, BIM технологиясында жұмыс тәжірибесі бар прораб, құрылыс роботтарының операторы және цифрлық жобалаушы қажет болады. Сондай-ақ саладағы ірі тораптарды басқару үшін цифрлық логистикалық карталар конструкторы мен операторы сияқты мамандар да керек.

Ал бейсенбі күні Астана қаласы коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында қалалық Жұмыспен қамту және әлеу-



Былтыр жария болған Мемлекет басшысының Жолдауында айтылғандай, биыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» екені белгілі. Өткен желтоқсан айының соңында Президент бұған қатысты Жарлыққа қол қойып, тиісті құжат күшіне енді. Оң бастаманың мақсаты біреу-ақ: ол – нағыз еңбек адамдарын қоғамда дәріптей отырып, елдегі түрлі жұмысшы мамандардың мәртебесін әйгілеу, насихаттау. Енді әр салада тер төгіп жүрген азаматқа, яғни құрылысшы, диқан, жүргізуші, шахтер, кенші және басқа да көптеген қарапайым жұмысшы өкіліне құрмет артар деген сенім бар.

АТАУЛЫ ЖЫЛ ЖҰМЫСШЫНЫ ЖАРЫЛҚАЙ МА?



Елордада атаулы жылға орай 8 мыңнан астам азамат түрлі мамандық алатынын айтты. Оның ішінде 5 мыңнан астам адамды кәсіптік оқыту жоспарланған. Бұған газ және электрмен дәнекерлеуші, көлік жүргізушісі, ағаш және жиһаз өндірісі шебері, аспаз, шаштараз, тігінші, киім пішуші, гүл өсіруші, модельер-конструктор, аяқ киім жөндеу және кілт жасау, корпус-тық жиһаз жасау негіздері, май және автошиналарды ауыстыру авто маманы және т. б. оқыту кіріп отыр

меттік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб елордада атаулы жылға орай 8 мыңнан астам азамат түрлі мамандық алатынын айтты. Оның ішінде 5 мыңнан астам адамды кәсіптік оқыту жоспарланған. Бұған газ және электрмен дәнекерлеуші, көлік жүргізушісі, ағаш және жиһаз өндірісі шебері, аспаз, шаштараз, тігінші, киім пішуші, гүл өсіруші, модельер-конструктор, аяқ киім жөндеу және кілт жасау, корпус-тық жиһаз жасау негіздері, май және автошиналарды ауыстыру авто маманы және т. б. оқыту кіріп отыр.

«Бос орындар жәрмеңкесі арқылы колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға күш саламыз. Жұмысшы маман-

дықтарын таңдауда 9-11-сынып түлектеріне ұдайы кәсіптік бағдар беріледі. Еңбек күніне орай форум өтіп, өз саласындағы еңбек ардагерлері мен өндіріс озаттарына құрмет көрсетіледі. «Үздік еңбек әулеті», «Өндірістің үздік жас қызметкері», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинацияларын қамтитын «Еңбек жолы» және «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт» номинацияларымен «Парыз» конкурсы өтеді» дейді ол.

Ал Астана қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыевтың сөзінше, елордада атаулы жылға қатысты 6 бағыттан тұратын іс-шаралар жоспары бекітілген.

«Биыл мектептің жоғары сынып оқушыларымен колледж базасында жұмысшы мамандық дағдыларын игеру бойынша кейін аттестат пен жұмыс біліктілігін беру туралы куәлік алады. Масштапта аясында 300-ден астам оқушы қабылдауды жоспарлап отырмыз. Былтыр бұл пилоттық жоба ретінде басталып, 156 оқушы мектеппен бірге үш колледжде аспаз, тігінші, электр және газбен дәнекерлеуші мамандығымен білім алуды бастаған еді. Алдағы уақытта оларға жұмысшы біліктілігін растайтын құжат беріледі. Сондай-ақ кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында университеттер және колледждердің қатысуымен Астана мектептерінде әр бағытпен 100 бейіндік сынып ашылады» дейді басқарма басшысы.

Брифингте жергілікті бюджет пен жұмыс берушілер тарапынан жеке инвестицияларды тарта отырып, 2025-2027 жылдары колледждердің материалдық-техникалық базасы жаңартылатыны айтылды. Биыл бас қалада колледж студенттеріне арналған мың орындық жатақхананы салу жоспарланған. Сонымен қатар

қалада жұмысшы мамандықтар аллеясы ашылып, жыл бойы кәсіби мерекелерге арналған концерт бағдарламалары ұйымдастырылады. Түрлі мамандық өкілдеріне арналған «Мамандық – мақтаншымыз» қалалық шығармашылық байқауы, жұмысшы мамандықтары жылына арналған суретшілер симпозиумы өтпек. Қала музейлерінде тақырыптық экскурсиялар мен көрмелер ұйымдастырылып, театрларда еңбек адамдарын дәріптейтін қойылымдар көрсетіледі.

**ЖҰМЫСШЫНЫҢ
БІР МҰҢЫ – ЖАЛАҚЫСЫ**

Иә, осынша мамандық иелерінің құрметіне тұтастай бір жылдың арналуы сан мыңдаған еңбек адамдарының еңсесін көтеріп, жігерлендіретіні анық. Әрі еңбек өнімділігін еселеп арттыруға септігін тигізеді. Әрине, айтылып жатқан қолдау шаралары ұмытылмаса.

«Жалпы озық елдердің тәжірибесінен жұмысшы мамандық жан-жақты қолдап, ортақ іске жұмылдыру арқылы стратегиялық жоспарларын шындыққа айналдырғанын көруге болады. Әлем бойынша ең дамыған экономиканың бірі, экономикалық дамудың Шығыс Азия моделін таңдаған Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур және әлем көшбасшысының бірі Қытай елі жұмысшы мамандықтарға басымдық беріп, ауыр өнеркәсіптен бөлек, шағын және орта бизнесті, отбасылық кәсіпті ілгеріле-

тудің оңтайлы жолын тапты. Мәселен, Оңтүстік Корея XX ғасырдың 60-жылдары аграрлы саясат ұстанған кедей мемлекет болса, қазір дамыған өнеркәсіптік елге айналды. Әсіресе тұрмыстық электрониканың ірі өндірушісі болып отыр. Жетістік оңай келмеді. Ел азаматтарын техникалық мамандықтарға қызықтырып, ірі өндіріс орындарын құруға басымдық беріп, солармен қатар шағын және орта бизнес кластерін дамытуға жол ашты. Бастысы, қореліктердің еңбекқорлығын шырдап, кунузақ жұмыс істеуге үндеді. Бүгінде жалпыұлттық мұрат шындыққа айналып, әлемдік экономикада Оңтүстік Корея 12-орынға тұрақтады. Біздің елге де ұзақжылдық стратегиялық жоспарларды орындауда «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», ортақ іске белсенді араласып, еңбекқорлық танытуы керек. Онсыз мақсат баянсыз, мұрат аяқсыз қалады» дейді сенатор Руслан Рүстемұлы.

Сенат депутатының айтуынша, ірі өндіріс орындарынан бастап күнделікті аяқ киім тігетін еңбек адамына дейін лайықты баға беріле, қоғамдағы орыны биіктейді.

Көпшілік «Жұмысшы мамандықтары жылы» бос дақыртпен өткенін қаламайды. Әрі оңды-солды марапат немесе түрлі алғыс хат немесе грамота, толып жатқан төсбелгі қарапайым жұмысшыға қолдау болмайтыны белгілі.

«Мұндай атаулы жылды пайдаланып, әр өңір басшылығы ауыл не қалада болсын, нағыз тапшы мамандықты дайындайтын қысқа мерзімді курстар ашса деймін. Қазір ауылда трактор, комбайн руліне отыратын механизаторлар тапшы. Көбі зейнетке шықса да осы жұмыста жүр. Басқа ауыл шаруашылығы техникаларын тізгіндейтіндер қатары сиреген. Қаладағы өндіріс орындарында кейбір мамандық тапшы дегенді естиміз. Тиісті құрылымдар қай

мамандыққа сұраныс басым екенін зерттеп, мұны қазірден қолға алса деймін. Қалай болғанда да еңбек адамдарына арналған жылдың шарапатын халық сезінуі тиіс» дейді еңбек ардагері Жұмасейіт Нұрбаев.

№2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының директоры Рысжан Шамұратованың айтуынша, қоғамда жұмысшы мамандық иелеріне лайықты қызмет көрсетіліп, мемлекет тарапынан бар мүмкіндік қарастырылғаны жөн.

«Қарапайым мысал келтірейін. Өзім басқаратын білім мекемесінде сантехник, электрик, аула сыпырушы, асхана қызметкері, жүргізуші, т. б. кәсіп иелері бар. Шынмды айтсам, үлкен қалада осы мамандыққа сәйкес қызметкер табу қиын. Себебі сантехник жеке жұмыс жасағанды ұнатады. Күнделікті жақсы табыс табады. Қазақстандағы ең төменгі жалақы 85 мың теңгені құрайды десек, дәл осы жалақыға мектеп еденін жууға ешкім келмейді. «Мұндай жалақымен күн көре алмайсыз ғой», «Осындай үлкен мегаполисте ме?», «Әзілдеп отырған боларсыз?». Бұл вакансиямен келген жұмыс іздеушілердің сөзі. Тағы бір мысал, жаңа оқу жылының басында асханаға қызметкерлер табу қиынға соқты. Алғашқы аптада балаларды аш қалдырмаймын ғой, өзіміз бір амылмаш таппық. Колледж бітірген жас аспаздарды шақырсақ, олар мүлде келмейді. Себебі біреу – жалақы өте төмен. Келген адамға қосымша жарты бірлік қосып беріп, жұмыс істеуіне әрең көндіресің. Халықтың күнkerісі сол кішкентай жалақысы болса, шынмен, қарызға кірмей, несие алмай қалай отырады? Басқа жұмысқа бара алмайды, себебі мамандығы сол» дейді ол.

Мектеп басшысының сөзінше, арнайы белгіленген жылда мемлекет ең бірінші олардың жалақысының артуына ықпал жасау керек.

P.S:

Үкімет отырысында экономиканың басты өндірістік қуаты кәсібін жетік меңгерген жұмысшы мамандар екенін айтқан Премьер-министр Олжас Бектенов жұмысшы кадрлар үшін ипотекалық және жалғыз берілетін тұрғын үйдің жеңілдетілген бағдарламаларын іске қосу мәселелерін пысықтауды тапсырғаны белгілі болды.

«Жұмысшы кадрларды әлеуметтік қолдаудың үздік корпоративтік тәжірибесін кеңінен таратып, жаңа ынталандыру шараларын енгізу керек. Өнеркәсіп, Энергетика, Көлік, Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары министрліктеріне кәсіпорндармен, әкімдіктермен және «Отбасы банкпен» бірлесіп, жұмысшы кадрлар үшін ипотекалық және жалғыз берілетін тұрғын үйдің жеңілдетілген бағдарламаларын іске қосу мәселелерін пысықтауды тапсырамын» деді сонда О.Бектенов.

Үкіметбасы айтқандай, жұмысшы мамандық өкілдері арнайы бағдарламамен үйлі болса, бұл салаға деген қызығушы буынның қатары артары сөзсіз. Әрі жалақысы жоғары еңбек адамының да көңілі хош, базары бақыт. Өз Отанының мүддесі үшін бар жігерін аямай қызмет қылары анық.



Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ,
ҰҒА академигі,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

Заманның, уақыттың бедерін бағамдау оңай соқпасы белгілі. Осыдан болар, өз сұхбатында Қ.К.Тоқаев тереңнен сөз қозғайды, тарихты саралайды. Бұл – Қазақстан халқына, қоғамға, жастарға, мемлекеттік құрылыстың әр деңгейінде жүрген, сондай-ақ сан түрлі блогерге арналған сөз.

Көптен бері саяси қызметтен алшақтап, зейнеткерліктің өзіне тән сәттерін бастан кешіріп жүрген адам ретінде, әлеуметтік желіге көп қосыла бермейтін едім. Бірақ зер салып, оқып, қарап отыратын шақтамыз ғой. Желіден түспейтін көптеген автор мемлекеттік саясатымызға дүрліге қарап, өмірді қарашымдылық сыртынан көруге тырысатынын да байқаймын. Сондықтан Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Ана тіліндегі» сұхбатын оқыған соң, әлеумет қалай қабылдағанды екен деп ойланғаным рас. Бір адам іле-шала қолдау білдіріп, пікір жазып жатса, енді бірі Тоқаев сұхбатынан Ресей саясатының көлеңкесін көреді. Ал үшіншісі Қ.Тоқаев Ата заңды өзгертіп, өзі тағы да бір рет сайлауға түсуді көздейді деп те жазып жатады. Ал бір блогер қарындасымыз «журналист жігіттің алдында не қағазы, не диктофоны жоқ, екі қолын тізесіне салып отыр, ол қалай сұхбат алады?» деп сынға алған. Бұл да әлеуметтік желінің ерекшелігі.

Үлкен журналистикада көп жыл қызмет істеген және «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан» сынды ұлт басылымдарының бас редакторы болып, мол тәжірибе жинағаным бар. Сондай-ақ Н.Назарбаев, Б.Ельцин, Л.Кучма, Г.Әлиев, В.Квасневский секілді ел басшыларынан сұхбат алған журналист ретінде, заман белгін және бүгінгі технологиялық биікке көтерілген журналистиканың сан қырлы тәсілдерімен таныспын әрі қыр-сырын бір адамдай білемін ғой деп ойлаймын.

Айта кету керек, Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сұхбатын камералық түрде, жеке газет журналисіне берді. Электронды ақпарат құралдары қатысқан жоқ.

Көп камера тұрған жерде ол сұхбат емес, шоуға айналып кететіні белгілі ғой. Әрине, журналист сұхбат алуға келісім алғаннан кейін, барлық сұрақты жазбаша түрде Президентке ұсынады. Оған Президент Әкімшілігінің жоғары деңгейлі мамандары қатысады. Алдын ала дайындықтар жасалатыны – әлемдік тәжірибе.

Сұхбат желі беттерімен бірге, Қазақстанның түкпір-түкпірінде, ұжымдарда, ғылыми орталарда, зиялы қауым арасында талқыланып жатқанын байқап, оқып жатырмыз. Тіпті шетелдік басылымдардың да қызығушылығы айқын көрініп тұр.

Сол сияқты Президент сұхбатының терең де салмақты ой толғамдары туралы ҚР Парламенті Сенатының төрағасы, ірі политолог М.С.Әшімбаев «сұхбатта егемендігімізді нығайтуды және елімізді өркендетуді көздейтін басым-бағыттар нақты белгіленді» деп жазыпты.

Шынында да, сұхбаттың өн

ТОҚСАН АУЫЗ СӨЗДІҢ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІНІ

НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.ТОҚАЕВТЫҢ «АНА ТІЛІ» ГАЗЕТІНЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Тілі жақын елдің рухы жақын. Бұл – ақиқат. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатын ұлтқа арналған жүрек сөзі ретінде қабылдадым. Өйткені ол халқына бүкпесіз сыр-сұхбат жасай отырып, ұлт алдындағы парыз бен қарыз туралы толғанады. Әрине, қазіргі тұрақсыз әлемнің дүрбелең кезеңінде адамзаттың алдында небір қауіп-қатер тұр. Сондай күрмеуі қиын уақытта айтылған түйінді сөз қандай? Мемлекет басшысы өз сұхбатында осы мәселелер туралы ойлы да жанды сөз айтқан.



ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАСТАР ЖӘНЕ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМУҒА ІСІНЕ ПАЙДАСЫН ТИГІЗЕ АЛАДЫ. МЕМЛЕКЕТ ЭКОНОМИКАДАҒЫ БОЛАШАҒЫ ЗОР ОСЫ САЛАНҒЫ ӨРКЕНДЕУІНЕ БАРЫНША ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ. ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК НАРЫҚТА ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒЫНАН ТИІМДІ ӘРІ СУРАНЫСҚА ИЕ БОЛАТЫН ТҮРЛІ КОНТЕНТТІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАСАУ ҚАЖЕТ. БҮЛ ЖЕРДЕ ОДЕБИЕТ, МУЗЫКА, КИНО, СЕРИАЛ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕР ОЙЫНДАРЫ ТУРАЛЫ АЙТЫП ОТЫРЫМЫН.
АНА ТІЛІМІЗДІң БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН ЕКЕНІНЕ МЕНІң ЕШ КҮМӘНІМ ЖОҚ. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ РЕТІНДЕ ХАЛҚЫМЫЗДЫ ҰЙЫСТЫРУ ЖОЛЫНДА МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРА БЕРЕДІ. БІРАҚ ТІЛІМІЗДІң ТҒҒЫРЫН НЫҒАЙТАМЫЗ ДЕП, ОНЫ БАСҚА ТІЛДЕРГЕ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ОРЫС ТІЛІНЕ ҚАРСЫ ҚОЙМАУ КЕРЕК.
**Мемлекет басшысы ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
«Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан**

бойында Қазақстанның әлемдік аренадағы орны, ұлттық құндылықтарымызды қалыптастыру, экономикалық, саяси-мәдени тұрғыдағы даму принциптеріміз көрсетілген.

Сұхбатта қоғам дамуының өскелең даму жолдары туралы берік байлам бар. Жер де, ел де – қазақтілді. Қазақстан халқының ортақ мүдделерін қорғайтын заң мен тәртіп үстемдігі туралы ерекше тұжырымдалады. Сұхбаттың аясы өте терең. Одан кез келген адам қоғамды мазалап жүрген мәселелер туралы жан-жақты мағлұмат алады. Қазақстан үшін, ұлтымыз үшін ең өзекті мәселе – тіл. Қазақ тілі – мемлекеттік тіліміз. Мемлекеттік тіліміздің «мүшкіл халі» туралы аз жазылып та, аз айтылып та жүрген жоқ. Сырт көзге қарағанда, солай көрінетіні де рас. Бірақ үрейлі сөзден шыррайлы сөз жақсы.

Президент айтқан деректерге назар аударалық. «Қазақ тілінің бәсекеге қабілетті және оны үйренуге деген қызығушылық барынша артып келеді. Мемлекеттік тіл азаматтардың қызмет бабында өсуіне және табысқа жетуіне жол ашатын фактор саналады». Міне, осы тұжырымдамаға үлкен саяси мән беру керек. Тарихқа кішкене көз жүгіртелік.

Менің құрдастарым, замандастарым ауылда қазақ мектебін бітіріп, Алматыға оқуға түсті. Бірақ қызметке түру, өсу және саясатпен айналысу үшін орыс тілін үйрену қажет болды. Сондықтан да біз орыс тілін өз бетімізбен үйрендік. Таза сөйлеуге, қатесіз жазуға тырыстық. Өмірдің тіл қажеттілігі осыған алып келді.

Қазір де қазақ тілінің қажеттілігі туындап тұр. Мемлекеттік қызметке тұрған кезде қазақ тілін меңгерген адамдарға кең жол ашылады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл сында ұлттының кім екені есепке алынбайды.

Жоғары оқу орындарындағы факультеттердің 65 пайызы қазақ тілінде өтеді. Сондай-ақ оқушылардың 70 пайызы қазақ тілді мектептерде оқиды. Демек, алдағы 10-15 жылда мемлекеттік тіліміздің мәртебесі бұдан да

биік болмақ.

Президент атап өткендей, әлемде 7 мың тірі тіл бар екен. Олардың 3 мыңы жойылу қаупі үстінде тұр. Ал қазақ тілі – ана тіліміз 2024 жылы ең көп таралған 79 тілдің санатына енген. Тіл мәселесінде байыпты талдау, орамды ой керек. Мемлекеттік тіл халықты үйлестіру тілі ретінде одан әрі дама береміз. Қуанайық. Бірақ Президент айтқандай, «тіліміздің тұғырын нығайтмаймыз деп, оны басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне қарсы қоймау керек».

Еститін құлаққа, көретін көзге, ұлтжанды әр азаматқа айтылған сөз айтылды. Меңзеп айтқан сөздің ар жағында ұлт болашағымен бірге, ұлттық тіліміздің де болашағы тұр. Дәстүр, унификация, реформа, білім, сенім, инвестиция, медиация, энергия ұғымдарын ұстана отырып, Қазақстан орта державалар санатындағы ел ретінде, мемлекетіміздің «тұрақты әлеуметтік, экономикалық дамуына жол ашады».

Ал орта державалар деген терминді қалай түсінуіміз және қабылдауымыз керек? Осы мәселеге тоқталып өткен жөн болар. Өйткені мұндай термин бүгінге дейін біздің саяси айналымымызда болған емес.

Қазақстанды шетелдің сарапшылары мен дипломаттары орта держава деп атауы, әрине, бүгінгі Қазақстанның геосаяси жағдайына байланысты туындап отыр. Біздің екі қанатымызда ядролық қарулы екі ірі державаны бар. Олар – Ресей мен Қытай Халық Республикасы. Мұхиттың арғы жағындағы АҚШ-пен де стратегиялық әріптестік туралы шартымыз бар. Олар осы мемлекеттердің парламенттерінде ратификациядан өткен. Оның үстіне, өмір көрсетіп отырғандай, БҰҰ ұйымы өзінің берік ұстанымын жоғары деңгейде атқара алмай отыр. Бұл жөнінде Президент Қ.Тоқаев іргелі саяси форумдардың мінберінен ашық айтып жүр. Сондықтан Орта Азия ішінде Қазақстанның алатын орны да, саяси салмағы да жоғары.

«Қазір халықаралық қатынастар жүйесі кері кетіп барады, тіпті құлдырай түсті деуге болады. Тұрақсыздық күшейіп, ірі державалардың бір-бірі айыптауы белең алды. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қауқарсыз болып қалды. ...Бүгінде барынша әлем қалыптастыруға деген сұраныс өте жоғары... Орта державалар халықаралық сенім дағдарысын және жауапкершілігі жоғары жаһандық көшбасшыларға деген ташпылықты еңсеру жолында маңызды рөл атқара алады. Орта державалар күш-жігерін жұмылдырып, жанжалдасып жатқан геосаяси орталықтардың арасында жаңа әрі мықты дәнекер бола алады». Бұл сөздердің астарында Қазақстанның алпауыт мемлекеттер арасындағы саяси беделі жоғары тұрғанын аңғару қиын емес. Желіде Қ.К.Тоқаевтың шетелдік іргелі саяси форумдарға жиі баратыны да сынға алынып, әртүрлі ақпарат тартатылып жүретіні де жасырын емес. Сондықтан жоғарыдағы Қ.Тоқаевтың сөздері сондай жаңсақ ақпараттың жолын кесетін уәлі сөз болды ғой деп ойлаймын. Оның үстіне, Президенттің әрбір сапары Қазақстанға инвестициялардың көптеп келуіне жол ашады. Айталық, 2024 жылы жаңа жобалар арқылы Қазақстанға 15,7 млрд доллар көлемінде тікелей инвестиция келіпті, ол 2023 жылмен салыстырғанда 88 пайызға артаң. Бұл цифрлар Қазақстан экономикасының жандануы мен жаңа жұмыс орындарының ашылуына негіз болды. Ел халқын әлеуметтік жағынан қолдау, реформаларды жүзеге асыру, ана мен баланы қорғау сияқты іргелі жобалар да осы инвестицияларға байланысты дамып келеді. Мысалы, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанға 9,8 млрд доллар тікелей инвестициялар түскен. Ал 2023 жылдың қорытындысы бойынша 23,6 млрд доллар инвестиция келген.

Қазақстан экономикасына жылма-жыл ең үлкен инвесторлар Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Ресей мен Қытай мем-

лекеттерінен түсіп отыр. Бұл мемлекеттердің инвестициялары 25 пайыздан 92 пайызға жеткен. Оның үстіне, соңғы 10 жылда Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің арасындағы алыс-беріс үдемелі түрде өсіп келеді. Президент айтқандай, аталған елдерде, яғни «2024 жылы өзара сауда-саттық көлемі 45 млрд доллардан асты».

Шекаралас мемлекеттер туралы әңгіме болғандықтан, Президент сұхбатындағы Ресей және Қытай Халық Республикасы арасындағы мемлекеттік қарым-қатынасқа тоқталмай өтпейміз. Мұның өзіндік сәбебі де бар. Әлеуметтік желіде: Instagram, TikTok-та Қазақстанның Ресей мен Қытайға тәуелділігі туралы сан алуан дәйексіз келтірілетін жалған, негізсіз ақпарат жеткілікті.

Естуші және әділ мемлекет құруға бағытталған Қ.К.Тоқаевтың реформалар үдерісін түсіну үшін, әлбетте, аталмыш сұхбатқа назар аудару керек. Сонда ғана біз мемлекеттің бірінші адамының аузынан шыққан сөздерінің құнын да, парқын да пайымдай аламыз.

Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас, әртүрлі саяси дүрдарларға қарамастан, орнықты дамып келеді. Ресей Думасының бірнеше депутаты, қоғам қайраткері Қазақстанда орыс тіліне қызым жасалып жатыр, Қазақстанның солтүстік өңірлері Ресей құрамында болуы тиіс деген арандатушылық, қоқан-лоқыға толы ақпарат жариялағаны есте шығар. Санкт-Петербургте өткен саммитте Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтан Ресей ақежелурналісі М.Симоньян осындай келенсіз сұрақ қойған еді. Сонда Қазақстанның Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Владимир Путиннің алдында әдептен озған Симоньян ханымыға берген жауабымен өзінің биік саяси тұлға екенін көрсеткен болатын.

Қазақстан мен Ресейдің үлкен саясаттағы қарым-қатынасы екі жаққа да тиімді әрі өте қажет. АҚШ жариялаған санкцияларды ескере отырып, Қазақстан мен Ресей арасында екіжақты қарым-қатынас орнықты дамып келеді.

Ресей Президенті В.В.Путин Қазақстанға 33 рет келіпті. Әрине, қыдырып келмесі анық. Күрмеуі қиын кезеңде Ресей Қазақстанмен экономикалық, ғылыми-мәдени байланысты нығайтуға мүдделі. Бұл күнде Қазақстанның 60 мың ұл-қызы Ресейде білім алып жатыр.

Былытыр қараша айында В.В.Путин Қазақстанға ресми сапармен келді. Тиісті протоколдық құрмет көрсетілді. Бұл – өркеніет елдерге тән қалыптасқан дәстүр. Осыдан Қазақстанның Ресей үшін үлкен стратегиялық әріптес екенін білеміз.

Нәтижесінде Ресей Президенті Қазақстанның Орта Азия аймағындағы ірі экономикасы, өнеркәсібі, ғылымы мен білімі қалыптасқан мемлекет ретінде «...біздің елмен сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарын нығайту үшін белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Басқаша болу да мүмкін емес» деп мәлімдеді.

Иә, Мемлекет басшысы айтқандай, бұл қарым-қатынас екі жаққа да тиімді әрі «Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылықты

қамтамасыз ету керек». Бұл астарлы сөздің мән-мазмұнын айқындайды. Ашығын айтсақ, Ресей тарапынан Қазақстан егемендігіне қол сұғылмайды деген сөз.

Әлеуметтік желідегі біраз пікір Қазақстанда атом электр стансасын салу тақырыбын қозғайды. Олар станция Ресей құзыретіне берілуі мүмкін деп тошпылайды. Бұл шындыққа қаншалықты сәйкес келуі мүмкін?

Ресей Президенті В.В.Путиннің ресми сапары кезінде атом электр стансасын салуға Ресей қалай қатысады деген әңгімелер болғаны шындық.

Қазақстан аталмыш жобаны жүзеге асыру үшін Халықаралық консорциум құру туралы ынталы. Аталмыш жобаның бас операторы да осы консорциум болмақ. «Росатом» компаниясының жобаға қатысуы мүмкін екені туралы Қ.К.Тоқаев өз сұхбатында айтты.

Расында, қазір Қазақстанда жерасты байлықтары азайып, бірте-бірте ол экономиканың басты қозғаушы күші болмай-тыны туралы ғалымдардың, экономистердің сараптамасы бар. Сондықтан болашақ – ядролық энергетикада.

Қ.К.Тоқаев пікіріне сүйенейік: «Қазақстанға қуатты атом стансасы қажет екені анық. Мен бұған сенімдімін. Оған қоса, таяу арада екінші, тіпті үшінші атом электр стансасын салу мүмкін екенін жасырмаймын...».

Ойды ой қуалайды. Президенттің бұл сөздерінен Қазақстанның көпқырлы саясатының ізін көргендей боламыз. Демек, ядролық атом стансаларын салуға ҚХР, Франция, Оңтүстік Корея, тіпті АҚШ та қатысуы мүмкін. Бұл жобалар Қазақстанның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне кепіл болады деген ойға жетелейді.

Сұхбатта Қ.К.Тоқаев Қытай Халық Республикасымен байланыс жөнінде ерекше тоқталды және ол Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзинь Пиннің «біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді барша қолдайтынын атап өтті. Бұл – өте маңызды мәлімдеме».

Тоқсан ауыз сөздің түйінін Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сұхбатында ашып айтты. Халық көп сауалға нақты жауап алды деп ойлаймын:

Үкімет – ауыс-түйіске бейім құрылым.

Парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге әзірше еш негіз жоқ.

Менің «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты тұжырымдама Қазақстанның ең қолайлы тұжырымдама екеніне сенімдімін.

Ашығын айтсақ, экономист басшылардың қазіргі жұмысын орташа деп бағалаймын.

Қаңтар оқиғасынан кейін үш жыл өткенде азаматтарымыздың көпшілігі елімізде бұрын-соңды болмаған осы дүрбелең көп-көрнеу әлеуметтік әділетсіздіктің, саяси тоқыраудың, сондай-ақ қаскөйлердің шектен тыс және олардың халықпен мемлекет тағдырына немқұрайды қарауының кесірінен орын алғанына әбден көз жеткізді.

...Біз әділетті мемлекет құрамыз десек тарихқа да, оны жасауға атсалысқан азаматтарға да әділ қарауымыз керек.

...Мемлекет басшысы болған сәттен бастап қазірге дейін қабылдаған шешімдерім мен оның түрлі салдары үшін бар жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Бұл кісілік пен кішілік, парасатқа, терең саяси сараптамаға толы сұхбат болды.

Жаңа Қазақстанның жаңа тарихын қалыптастырып жатқан Президент Қ.К.Тоқаевтың жүрек сырлына толы әңгімесі халық жүрегіне жетсе екен.

№3 (4747) 11/01/2025 Сенбі

БІЛІКТІ ДӘРІГЕР – ЖАНҒА DAУA

Соңғы жылдары эндокринолог дәрігерге жүгінетін науқастар көп. Эндокринологқа баратын адамдардың жас ерекшеліктері де өзгеріп тұр. Бұл өмір салтының, тамақтанудың, экологиялық жағдайдың өзгеруіне, сондай-ақ медициналық диагностикаға кеңірек қол жеткізуге байланысты болса керек. Астана қаласындағы №5 емхананың эндокринологы Мақпал Тасболатавамен сұхбаттасқан едік. Дәрігер-эндокринологтың медицина саласындағы тәжірибесі – 12 жыл.

– Мақпал Жанұзаққызы, қазір аурудың түрі көп қой, әсіресе, иммундық саулығы әлсіреген, жұмысында немесе үйіндегі күйзелістерге байланысты мына ғаламтор жайлаған қым-қуыт заманда эндокринолог-дәрігерге көп баратындар көбейді, неге?

– Соңғы жылдары біздің салаға қатысты ауру түрлері – қант диабетінің 1, 2-типті, қалқанша безінің аурулары, аутоиммунды аурулар көбейді.

Осы ретте қант диабеті туралы айта кетуге болады. Қант диабеті – бұл созылмалы ауру, ол зат алмасудың, әсіресе көмірсулардың бұзылуымен сипатталады, соның салдарынан қандағы қант деңгейі жоғарылайды. Қант диабеті бар адамдарда инсулиннің (қандағы қант деңгейін реттейтін гормон) жетіспеушілігі немесе оның әсеріне қарсы организмнің төзімділігі байқалады, бұл қандағы глюкоза деңгейін қалыпқа келтіруді қиындатады.

– Қант диабетінің түрлері қандай?

– Қант диабетінің бірінші типі – инсулинге тәуелді диабетке шалдыққан адамдар. Қант диабетінің екінші типі – инсулинге тәуелсіз диабетпен ауыратындар. Сондай-ақ жүктілік кезіндегі қант диабеті және қант диабетінің басқа түрлері бар. Олар сирек кездесетін генетикалық кемістіктер, ұйқы безінің аурулары, эндокриндік бұзылыстар немесе кейбір дәрілердің жанама әсері болуы мүмкін.



Қант диабетінің түрлері қандай?
– Қант диабетінің бірінші типі – инсулинге тәуелді диабетке шалдыққан адамдар. Қант диабетінің екінші типі – инсулинге тәуелсіз диабетпен ауыратындар. Сондай-ақ жүктілік кезіндегі қант диабеті және қант диабетінің басқа түрлері бар. Олар сирек кездесетін генетикалық кемістіктер, ұйқы безінің аурулары, эндокриндік бұзылыстар немесе кейбір дәрілердің жанама әсері болуы мүмкін. Қант диабетінің белгілері түріне қарай өртүрлі болуы мүмкін, бірақ жалпыға ортақ белгілер мынадай:
– Жиі зәр шығару (полиурия);
– Қатты шөлдеу (полидипсия);
– Тым тез шаршау мен әлсіздік;
– Ауыздың құрғақтығы;
– Төбеттің жоғарылауы (қант диабеті 1-типін тән);
– Терінің және шырышты қабықтардың қышуы;

– Себепсіз салмақ жоғалту (әсіресе қант диабеті 1-типінде);

– Жаралардың баяу жазылуы;

– Көру қабілетінің нашарлауы (жартылай немесе толық көру жоғалтуы).

– Қант диабетін диагностикалау үшін қандай әдістер қолданылады?

– Ең алдымен, қандағы глюкоза деңгейін өлшеу керек. Гликозилденген гемоглобин (HbA1c) – соңғы 2-3 айда қандағы орташа қант деңгей-

ін көрсететін көрсеткіш. Глюкозаға төзімділік тесті (ГТТ) – жасырын диабет және предиабет диагностикасы үшін қолданылады. Кетондардың деңгейін талдау, әсіресе, 1-типті қант диабеті кезінде маңызды, себебі кетонды денелердің қанда немесе зәрде пайда болуы диабеттік кетоацидозды көрсетуі мүмкін.

– Қант диабетінің емі қандай?

– Қант диабетінің емі қандағы қант деңгейін қалыпқа келтіруге, асқынуды болдырмауға және организмнің қалыпты жұмысын сақтауға бағытталған. Диабеттің түріне байланысты емдеу әдістері әртүрлі болуы мүмкін. Қант диабетінің бірінші типі – инсулинотерапия, қандағы қант деңгейін бақылау болса, екінші типі диета және физикалық белсенділік екені белгілі. Перифералды дәрілер – инсулиннің әсерін жақсартатын немесе оның бөлінуін ынталандыратын дәрілер. Ал жүктілік кезіндегі қант диабеті – диета және физикалық белсенділік пен қандағы қант деңгейін бақылайды.

– Қандағы қант деңгейінің ұзақ уақыт бойы жоғары болуы түрлі асқынударға әкелуі мүмкін бе?

– Иә, әрине, ол жүрек-қан тамыр ауруларына, невропатияға әсер етіп, көруде проблемалар туындайды, диабет ретинопатиясы, катаракта және глаукома, бүйрек аурулары, тері ауруларына апарып соғады. Қант диабетінің алдын алу үшін қалыпты салмақты сақтап, жиі физикалық жаттығулар жасау керек. Мысалы, жүгіру, жүзу, йога – шынығудың жақсы жолдары. Сондай-ақ денсаулықты сақтау үшін дұрыс тамақтану керек. Ол үшін қант пен майды азайтып, көкөністер мен жемістерді көбейткен дұрыс. Күйзелістен және зиянды әдеттерден – темекі шегу, алкогольді шамадан тыс тұтынудан бартырып аулақ болған жөн.

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Сәуле СМАҒҰЛОВА,
Астана қаласы №9 емхана директоры:

ӨМІР СҮРУ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес медицина саласын дамытуға ерекше назар аударылып келеді. Халықтың саулығын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылданды. Өйткені ұлттың саулығы – еліміздің басты байлығы.



Бүгінде сапалы медициналық қызмет әрбір азаматқа қолжетімді. Астана қаласы №9 емхананың жұмыс қағидасы да сол, сапалы медициналық көмек көрсету. Медициналық көмекті 93 мыңнан астам адам алады. Емханада 57 аумақтық учаске, 250 дәрігер, 150 орта медицина қызметкері бар.

Бізге науқастарды қабылдау Триаж-жүйе бойынша өтеді, жеке кіреберісі бар сузгі кабинеті жұмыс істейді, кезекті басқарудың электрондық жүйесі енгізілген. 2018 жылдан бастап Медициналық-әлеуметтік терезе арқылы медициналық және әлеуметтік қызметтерді алу кезінде жасыл дәліз бойынша ерекше қажеттіліктері бар пациенттерге емханада сүйемелдеп алып жүру қызметі көрсетіледі. Сонымен қатар отбасын жоспарлау кабинеті, халықпен кері байланысты қамтамасыз ететін «Пациенттерді қолдау қызметі» бөлімшесі, шала туған нәрестелерді бақылау үшін катанетік кабинеті жұмыс істейді.

Тағы бір ерекшелігі, емханада амбулаториялық хирургия орталығы бар күндізгі стационар бар. Мұнда операцияның 20-дан астам түрі жүргізіледі. Ал күндізгі стационар 40 төсекке есептелген. 2021 жылдан бастап неврология, кардиология, травматология бейіндері

бойынша оңалту бөлімшесі ашылды. Компьютерлік диагностика кабинеті коронавирустық инфекцияның пандемиясы кезінде бүкіл қаланың COVID-пен сырқаттанған пациенттерге зерттеу жүргізді.


Айта кеткен жөн, біздің емханаға 8 мектеп тіркелген, онда 20 мыңнан астам бала оқиды. Мектеп оқушыларының денсаулығына қамқорлық жасаумен қатар, медицина қызметкерлері өсіп келе жатқан ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыруға атсалысып келеді.

Пациенттерді сәйкестендіру, деректер қауіпсіздігін жақсарту, сәйкестендіру қателерін азайту мақсатында Face ID пациенттердің биометриясының цифрлық, инновациялық технологиясы енгізілді. «Әлеуметтік әмиян» - рецепт жазылған кезде ол автоматты түрде оның қосымшасында пайда болады. МСАК жүйесіндегі әлеуметтік әмиян медициналық және әлеуметтік кабинеттің қолжетімділігін жақсартады.

Ұлт денсаулығын жақсарту – тек медицинаның ғана емес, қоғамның барлық салаларының міндеті. Халықтың денсаулығы жақсарған сайын олардың өмір сүру сапасы да жақсартады. Бұл бағыттағы жұмыстарға емхана ұжымы ерекше назар аударады.

ТҰМАУДАН САҚТАНЫҢЫЗ!

Соңғы аптада елордада жіті респираторлық вирустық инфекциялардың 4863 жағдайы тіркелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда сырқаттану 10%-ға жоғары.



Мониторингке сәйкес, эпидемиялық маусымның басынан бастап қала бойынша Атұмауы вирусының айналымы анықталды. Тұмаусыз вирустардың ішінде риновирус – 13%, аз дәрежеде риносинтициалды вирус – 8%, бокавирус – 2%, адам коронавирусы – 3%, аденовирус – 2%, парогрипп – 1%, метапневмовирус 1%-ды құрады.

«Метапневмовирус – бұл көптеген елде, соның ішінде Қазақстанда таралатын классикалық вирустың бірі. Инфекциялардың басқа түрлерімен қатар, ЖРВИ және тұмау ауруларының маусымдық өсуі кезінде белсенді болады. Негізінен, ауа-тамшы жолымен беріледі» дейді Астана

қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Жанна Пралиева.

Оның айтуынша, департамент халықты алдын алу шараларын сақтауға және адамдар көп жиналатын жерлерде қарым-қатынасты шектеуге шақырады, бұл әсіресе созылмалы аурулары бар халықтың неғұрлым осал топтарына қатысты. Үй-жайларды үнемі желдетіп отыру, науқас адамдармен байланысын шектеу, оларды оқшаулауды қамтамасыз ету, тұмау және ЖРВИ белгілері пайда болған кезде балаларды үйде қалдыру керек. Егер аурудың белгілері пайда болса, уақытлы медициналық көмекке жүгініңіз.

Дайындаған Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

МӘМС: 2025 ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қазақстандықтардың 2025 жылы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға қанша төлейтінін айтты.

Қазақстандағы ең төменгі жалақы 2025 жылы бұрынғы деңгейде сақталатындықтан, міндетті медициналық сақтандыру төлемдерінің көпшілігі өзгермейтіні хабарланды.

«Тәуелсіз төлеушілер мен жеке кәсіпкерлер үшін

жарналарды есептеудің негізі ең төменгі жалақы саналады. 2025 жылы оның мөлшері бұрынғы деңгейде қалады – 85 000 теңге. Бұл жарна сомасының өзгермейтінін білдіреді. Жұмыс берушілер мен қызметкерлер үшін мөлшерлеме де өзгеріссіз қалды, сәйкесін-

ше 3 және 2 пайыз» делінген хабарламада.

Тек бір реттік төлемнің мөлшері 21,5-тен 23,8 пайызға дейін, сондай-ақ халықтың жеңілдікті санаттары үшін мемлекет жарналары – ағымдағы қаржы жылының екі жылының алдындағы орташа айлық жалақының 1,9-дан 2 пайызға дейін өзгереді. Оны мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Сонымен, 2025 жылы мін-

детті медициналық сақтандыру төлемдерінің көлемі мынадай болады:

- жұмыс берушінің жарналары – қызметкердің есептелген табысының 3 пайызы;
- қызметкерлердің жарналары – табыстың 2 пайызы;
- Бірыңғай төлем төлеушілер – еңбекақы қорының 23,8 пайызы;
- азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалардың жарналары – табыстың 2 пайызы;
- жеке кәсіпкерлер мен жеке тәжірибемен айналысатын тұлғалардың жарналары – 5 950 теңге (республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 1,4 еселенген мөлшерінің 5 пайызы);
- Тәуелсіз төлеушілердің жарналары – 4250 теңге (ең төменгі жалақының 5 пайызы);
- Міндетті медициналық сақтандыруға мемлекет жарналары – 7 285,9 теңге.

Міндетті медициналық сақтандыру жарналарын «Қазпочта» АҚ кассалары, екінші деңгейлі банктердің кассалары мен мобильді қосымшалары, төлем терминалдары арқылы төлеуге болады.



**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

**АЯҚАСТЫ
САЛЫНҒАН АЙЫП**

Жақында бір досымыз жаңадан сатып алған үйіне қонаққа шақырды. Кең жайылған дастарқан үстінде емен-жарқын әңгіме болды. Алайда қайтар мезгілге таяған шақта есік қағып кіріп келген полиция қызметкерлері көтеріңкі көңілімізді су сепкендей қылды. «Сіздерге көршілеріңізден шағым түсті» деп хаттама толтырып, 18 мың теңге айыппұл салды. «Құтты қонақ келсе қой егіз табар, Құтсыз қонақ келсе қойға қасқыр шабар» деп атам қазақ айтқандай, бұл жағдайға біз де қатты қысылдық. Әрине, арақ ішіп, ән салып, бүкіл ғимаратты басымызға көтерсек бір сөз, сары қымызды сапырып ішіп, әңгіме айтқан қонақтар көршінің мазасын алатындай айқайлаған жоқ. Тек кішкентай екі бала ғана әрі-бері жүгіріп жүрген. Оларға да үй иелерінің «ақырын, ақырын жүріңдер, есікті ақырын жабыңдар» деп қайта-қайта ескертіп отырғанын менің де көзім шалған. Бірақ оны полиция қызметкері тексеріп, анықтаған жоқ. «Сіздерге көршілерден бұрын да шағым түскен, сондықтан айыппұл жазамыз» деп үй иесіне қол қойды.

– Жігіттер, бұларың артықтау емес пе? Арақ ішіп, шулап отырған жоқпыз. Бала болған соң әрі-бері жүреді. Енді оған бола көршісі арызданды деп айыппұл сала саласыздар ма? Жағдайға қарамайсыздар ма? Қай қазақ үйіне қонақ шақырмайды? «Занда жазылды» екен деп қазақы қасиетті де белден басыңдар, «көрші хақысы – Тәңір ақысы» деген бар қазақта. Сендердің бұл әрекеттерің көршінің жауластыру ғой, – десем, «біз келген соң заң бойынша хаттама толтыруымыз керек, қонақ келер алдында көршілерге бір ауыз ескертпеңіз бе енді?!» деп артық сөзге келтірмеді. «Бардым, бәріне айттым, тек сол біздің үйдің астындағы көрші есігін ашпай қойды» деп үй иесінің әйелі де шыр-пыр боп тұр. Бірақ оны полиция құлағына да қыстырған жоқ. Айыбын салып кете барды. Үй иесінің айтуынша, бұл жағдай осымен 5-6 рет қайталанған. Тіпті үйге келетін полиция қызметкерлерін танып та алдық дейді. Өйткені астыңғы қабаттағы қытымыр көршісі сағат 10-нан кейін бір қасық сыңыр етсе де «мазамды алды» деп полицияға шағымданады екен. «Сағат 10-нан кейін



ТҮСІНБЕЙ ЗАҢНЫҢ ТАРМАҒЫН, ҰЯТ-АҚ АЙЫП САЛҒАНЫҢ..

Астанада көршінің сыбыры да, ыдыс-аяқтарының сыңғыры да естіліп тұратын, қабырғаның арғы жағынан көршің түшкірсе, өз бөлмеңде отырып «сау бол» дейтіндей дыбыс тосу қуаты нашар үйлер аз емес. Сапасыз үйлердің салдарынан көршісінен шағым түсіп, айып төлеп жатқан тұрғындар да көп.

дәретханаға кіруден де қорқатын болдық. Үйдің дыбыс өткізбеу сапасы өте төмен. Үстіңгі қабаттағы көршінің балалары шуласа да, қытымыр көрші бізді кінәлі санайды. Барып, жағдайды түсіндіріп те көрдік. Орыс тілді әйел онымызды тындамайды да» деп үй иесі шарасыздық танытты. Бір ауыз сөзбен айтқанда, астыңғы қабаттағы көршісі бұларға әбден өшігіп алған. Ал қалған көршілерінен шағым болған емес. «Жақсы көрші саяң, жаман көрші шаян» деген осы.

**КӨРШІДЕН ҚОРҚЫП
БҰҒЫП ОТЫРА МА?**

Астанада жоғарыда айтқанымыздай, қабырғасы қағаздай, дыбыс тоспайтын үйлер аз емес, үй сапасына жауапты органдар басқа сапасын қадағаласа да, үй салатын компанияларға «жаңадан салынған пәтерлер дыбыс

өткізбейтін болуы керек» деп қатаң талап етпейтін секілді. Талап етсе де, құрылыс салған компаниялар бармақ басты, көз қысты жасап өткізіп жібереді шамасы. Еңдеше үйдің дыбыс тосу жағынан жарамсыз болуына, ең алдымен, үй иесі емес, сол үйді салған компания және тексеріп, өткізіп алған мекеме жауапты болуы керек емес пе?!

Жоғарыдағы жағдай, былай қарағанда, мәдениетке қатысты мәселе болғанмен, мұның арғы жағында қазақы қасиетке қарсы пиғыл, «көрші ақысы – Тәңір хақысы» деген ұғымды қақпайтын қараңғылық жатыр. Әйтпесе біз «алыстағы туыстан жақындағы көрші артық» деген халық едік қой. Заң атқарушылардың «шағым түсті» деп айып сала беруді де орынсыз. Тірі адамның үй ішінде әрі-бері жүретіні, аңқылдап сөйлеп, қарқылдап күлетіні де заңдылық. Сағат 9-да

ғана қозғалып, 22:00-де «сөніп» қалатын ол үйде құлтемірлер тұрып жатқан жоқ қой. Көршім арызданады екен деп өз үйіңде үндемей, баласының аузын басып, аяғын байлап, тышқан аңдыған мысқытай жүруі керек пе?! Олардың мүддесін кім қорғайды сонда?! «Көсей берсе от өшер, түртпектей берсе көрші көшер» дегендей, мүмкін көршісі әдейі сыйғызбай жүрген де шығар. Осындайда «Жер сатып алмай тұрып суын сұра, Үй сатып алмай тұрып көршіңді сұра» деген сөз еске түседі.

ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

Астана қаласы Полиция департаменті ЖПКБ УПИ ЖҰЖ басқарма бастығы, полиция майоры Мирхат Құрманғалиевтің айтуынша, көршілердің мазасын алуына байланысты мынадай түзім бар: «егер масаң күйде түнгі

уақытта көршілерін мазаласа, ҚР ӘҚБК 437-бабына (тыныштықты бұзу) сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады, жұмыс күндері сағат 22:00-ден таңғы 9:00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23:00-ден таңғы 10:00-ге дейін тыныштықты бұзуы осы бап бойынша 5 айлық есептік көрсеткіштен 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Сонымен қатар масаң күйіңде қоғамдық орында көршілерінің мазасын алса, ҚР ӘҚБК 440-бабына сәйкес (алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу) әкімшілік жауапкершілікке тартылады, осы бап бойынша 5 айлық есептік көрсеткіштен 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не 5 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді». Сондай-ақ қоғамдық орында масаң күйіңде көршілеріне былалып сөйлеп, мазасын алса, ҚР ӘҚБК 434-бабына сәйкес (ұсақ бұзақылық) әкімшілік жауапкершілікке тартылады, осы бап бойынша 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не 5-тен 30 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Дәйтуранмен заңда осылай екен деп заң атқарушылардың

«арыз түсті, біз шара қолдануға мәжбүрміз» деп жағдайдың мәніне толық көз жеткізбей айып салуы орынсыз. Мүмкін біреудің көршісі мазасыз шығар, ал біреудің кішкентай балалары көп шығар, көршім арызданады екен деп балаларын сатып жіберуі керек пе? Демек, заңды атқарғанда моральдық құндылықты да ұмытпау керек.

ЗАҢҒЕР НЕ ДЕЙДІ?

«Көршінің мазасын алдың» деп полиция қызметкерлерінің айыппұл салуы мүлде орынсыз дейді заңгер Нұрсұлтан Орынбек. Оның айтуынша, бұл – полиция қызметкерлерінің заңның тармақтарын толық түсінбей тұрып жасаған қитұрқы әрекеті. – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңның «Тыныштықты бұзу» деген 437-бабында «жұмыс күндері сағат 22:00-ден таңғы 9:00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23:00-ден таңғы 10:00-ге дейін аралықта азаматтардың тыныштығын бұзатын құрылыс жұмыстары» деп көрсетілген. Яғни балға, дріл сияқты арнайы құрал-саймандарды қолданып, шұғыл қажеттілікті туындатпайтын жағдай астында тақылдатып, жұрттың мазасын алса, ол – тыныштықты бұзу. Шу шығарып, көршінің мазасын алмау үшін арнаулы бекітілген норма бар, яғни күндізгі уақытта 55 децибелден, түнде 40 децибелден аспауы керек. Бірақ оны өлшейтін арнаулы аспап болуы керек. Демек, қолыңда аспабы жоқ полиция шуылдың децибелін қалай өлшейді? Құлағымен естіп өлшеп айыппұл сала берсе, заңда белгіленген норма қайда қалады? Оның үстіне, бұл заңның негізгі нысанасы үйдегі домбырадан, гитарадан шығатын немесе адамдардың күлген, сөйлеген, ыңылдап ән айтқанынан шығатын дауыс емес, керісінше, тұрғын ғимараттарда және тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарынан таралатын дыбыстарға қаратылған. Алайда заңның әлсіздігі ме, жоқ әлде заң жөніндегі түсінігінің таяздығынан ба, полициялар көбінде заңсыз, негізсіз айыппұл салады. Кесіп айтқанда, баланың шулауы, үйге қонақтың келуі деген мәселе 437-баптың нормаларына сәйкес келмейді. Ондай мәселе заңға анық жазылып енгізілмегеннен кейін 437-бапты көденең тартып айыппұл салу заңсыз. Мұндай жағдайға жолыққанда тұрғындар қол қоя салмай, заңға жүгініп, өз мүддесін қорғауы керек, – дейді Нұрсұлтан Орынбек.

АВТОРЛАРДЫ АЛАЛАУ ЖАЛҒАСА БЕРЕ МЕ?

Қазір сөздің құны түсіп кеткен заманда өмір сүріп отырмыз. Бірінші орынға үн шығып кетті. Үн болғанда – әуен, кәдімгі музыка. Бүгінде музыка сөзге қарағанда жоғары бағаланады. Мәселен, белгілі бір ән ақын мен композитордың шығармашылық бірлестігінен туады. Ал оны әрі қарай халыққа жеткізетін – әнші. Тәуір туынды шықса, бұл үштіктің ішінде композитор мен әншіге жұрт ерекше ықылас танытады. Атақ та, даңқ та, ақша да – соларда. Ал ақын еңбегі тең болса да, тасада қала береді. Бір қызығы, мұндай алалауға құзырлы мемлекеттік органдар жол беріп қоятын болып жүр.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Таяуда «Dala dauysy-2024» республикалық байқауының жеңімпаздары мен лауреаттары анықталып, марапатталды. Аталмыш байқауды Мәдениет және ақпарат министрлігі жаңа өнер туындылары авторларын қолдау мақсатында бірнеше жылдан бері өткізіп келе жатыр. Байқаудың негізгі мақсаты – ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту, қоғамдағы рухани құндылықтарды нығайту, сондай-ақ өскелең ұрпақты адамгершілік пен патриоттыққа тәрбиелеу бағытында дәстүрлі, классикалық, эстрада және театр өнері жанрында жаңа туындылардың авторларын қолдау.

Билығы байқауда 5 аталым бойынша 15 сыйлық тағайындалды. Оның бәрине тоқталмаймыз, тек сөзі мен музыкасы бар туындылар мен олардың авторлары жайлы айтпақпыз. «Үздік музыкалық-театрлық жанр туындысы» аталымы бойынша топ жарған туындының бірі – «Ақбөбек» операсы. Енді мынаны қараңыз, оның композиторы Арман Жайымға 5 000 000 теңге, ал либретто авторы Айтқали Жайымовқа 3 000 000 теңге берілді. Сол сияқты «Ер Төстік» балеті үшін композитор Бейбіт Дәлденбайға 5 000 000 теңге, либретто авторы Дүйсенбек Нақыповқа 3 000 000 теңге тиді. Ал «Мұқағали» мюзиклі үшін композитор Әліби Әбдінұров 4 000 000 теңге, либретто авторы Сейфолла Оспанов 3 000 000 теңге алды. Музы-

калық-театрлық туынды болған соң, сөз бен әуен авторлары бірдей еңбектенді. Сыйақы көлемін де біріне артық, екіншісіне кем қылмай, тең етіп беру керек еді. Ал мұнда сөз авторларының еңбегі кемдеу бағаланып отыр. Осы сияқты «Эстрада» жанрындағы «Республика әні» аталымының жүлдесі «Ел үміті» әні авторларының еншісіне тиді. Композитор Иса Ауғантайға 1 500 000 теңге, мәтін авторы Саят Рахымжанға 1 000 000 теңге берілді.

2022 жылы дәл осы байқаудың «Үздік музыкалық-театрлық жанр туындысы» аталымын «Сәкен» операсы иеленді. Сол жолы да композитор Әліби Әбдінұров пен либретто авторы Қанат Жүнісовке тиісті жүлде теңдей бөлінбеді. Сонда сөз авторы әлеуметтік желіде ренішін де билдірген. Ұйымдастырушы министрлік одан қорытынды шығармаған екен. Сөз құнын түсіріп, авторларды алалау жалғаса бере ме?

Астана қаласы Қоғамдық кеңесі кеңестік және қазақстандық тарихшы, жазушы, филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты және Қазақстанның халық жазушысы **Мұхтар Мұқанұлы Мағауиннің** дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Елімізге белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Алихан Мұхамедияұлы Байменовке ағасы **Мұхтар Мұхамедияұлы Байменовтың** өмірден озуына байланысты Астана қаласы Қоғамдық кеңесі марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

ЖҮМЕКЕН МЕН ТӘКЕНДІ ОҚУ ЖЫЛЫ

Ұлттық академиялық кітапханада дәстүрлі «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясының қорытындысы және 2025 жылы іс-шара аясында оқитын кітапты таңдау отырысы өтті.



Шапағат ӘБДІР

Осылайшы биылғы ел болып оқитын кітапты таңдау барысында комиссия мүшелерінің ұсыныстары мен пікірлері тыңдалды, облыстық кітапханалар, оқырмандар және зиялы қауым өкілдері ұсынған шығармалар мен авторлар ескерілді. Оның ішінде биылғы Жеңістің 80 жылдығына орай майдан тақырыбына қалам тербеген авторлардың шығармалары, мерейтойлары аталып өтетін қазақ қаламгерлерінің туындылары және барлық жастағы оқырманның сұранысын қанағаттандыратын кітаптар мен кітап авторлары ұсынылды.

Іс-шараны қорытындылай келе, комиссия мүшелері қазақ әдебиетінің поэзия және проза жанрынан екі авторды оқуға шешім қабылдады. Проза жанры бойынша көпшілік дауыспен ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ақын, сыншы, аудармашы, суреткер Тәкен Әлімқұловтың шығармаларын оқу ұсынылды. Поэзия жанры бойынша мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын, биыл 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жүмекең Нәжімеденовтің шығармалары таңдалды. Енді жыл бойы ел болып оқуға таңдалған екі автордың шығармалары көпшілік кітапханаларда түрлі форматтарда жан-жақты насихатталады.

Еске салайық, акция 2007 жылы Ұлы Абайдың қарасөзін оқудан басталған. Содан бері бүгінгі күнге дейін қазақ әдебиетінің ең таңдаулы 51 классикалық ақын-жазушысының үздік шығармаларын оқырман қауымға ұсынып, насихаттап келді. 2024 жылы көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын ел болып оқыдық. Көпшілік кітапханалар жыл бойы жоспарға сай түрлі инновациялық іс-шараларды ұйымдастырып, елге автордың шығармасын насихаттады.

Отырысты ҰҒА академигі, профессор, алаштанушы Амантай Шәріп жүргізді. Сондай-ақ іс-шараға акцияның тұрақты комиссия мүшелері ҚР ҰАК басшысы Ғазиза Құдайбергенова, жазушы Асқар Алтай, әдебиеттанушы Амангелді Кеңшілікұлы, ақын Дәулеткерей Кәсіпқұлы қатысты. Бұдан бөлек ZOOM платформасы арқылы да басқа қалада тұратын қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері мен қатар облыстық кітапхана басшылары да қосылды.

– Бұл жобаның басты парызы – Қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру. Сондықтан да жоба аясында осы жылдар ішінде мыңдаған түрлі форматта кездесулер, көрмелер,

жаңа технологиялық ақпарат арқылы виртуальды көрмелер, сайттар, челленджер, байқаулар ұйымдастырылып, оған миллиондаған аудитория тартылды. Құрамында елімізге белгілі ақын-жазушылар мен журналистер, кітапханашылары бар акцияның ұйымдастыру комитеті жылда отырыс өткізіп, өңір кітапханаларынан келген ұсыныстар мен оқырмандардың талғамын ескеріп, қазақ әдебиетінде есімі ұмытылып бара жатқан немесе мерейтойы тұспа-тұс келетін қаламгер шығармасын жыл бойы ел болып оқуды таңдайды, – деп атап өтті Ғ.Құдайбергенова.

Отырыс аясында былтырғы акция қорытындыланып, облыстық, аудандық, қалалық және ауылдық кітапханалар түрлі инновациялық форматта көрнекті жазушы Б.Соқпақбаевтың шығармаларын насихаттау үшін 10021 мәдени-рухани шара ұйымдастырылғаны, 234 922 аудитория қатысқаны жөнінде арнайы презентация ұсынылды.

ІШЕКТИ АСПАПТАР ӘЛЕМІНЕ БОЙЛАДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залында балалар абонементі аясында «Жұжылдықтардың алтын ішектері» атты концерт өтті.

Камералық құрамдағы симфониялық оркестр жас көрермендерді классикалық музыканың жауһарларымен таныстырып, музыкалық аспаптардың ерекшеліктерін ашып көрсетті.

Концерт барысында балалар скрипка, альт, виолончель, контрабас сияқты ішекті аспаптардың тарихы мен дыбыстық ерекшеліктерін біліп, олардың әсем үніне құлақ түрді. Сонымен қатар, бағдарламада Эдвард

Григ, Эдуард Элгар, Вольфганг Амадей Моцарт және Йоганн Себастьян Бахтың танымал туындылары орындалды. И.С.Бахтың №2 сюитасынан «Менуэт және қалжың» шығармасын орындаған флейта пар-

тиясы (Жәмилә Дәлішева) көрермендерді ерекше баурап алды. Бұл кеш балаларға симфониялық өнердің сиқырлы әлемін сезінуге мүмкіндік беріп, олардың музыкаға деген қызығушылығын оятты.

БАС БАЛУАН АНЫҚТАЛМАҚ

11 қаңтар елордадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайында ұлттық брендіміз – қазақ күресінен «Дала қырандары» республикалық турнирі өтеді.



Әлемге қазақ күресін насихаттау, спорттық дәстүрлерді нығайту және қатысушылардың шеберлігін арттыруға бағытталған бұл турнирде 8 салмақ дәрежесіндегі Қазақстанның ең үздік 8 балуаны анықталады.

Осыған дейін 2024 жылдың басынан бастап, Қазақстанда қазақ күресі бойынша 5 рейтингілік жарыс өтті. Бұл жарыстардың нәтижесінде әр салмақ дәрежесінде ең көп ұпай жинаған үздік 8 балуан анықталған болатын. Енді, міне, олар өз салмағының үздіктері ретінде елордадағы бәсі биік «Дала қыраны» титулы үшін күреспек. Турнирде жеңіп шыққандар өз салмақ дәрежесінің «Бас балуаны» атағына ие болады. Сонымен қатар, жеңімпаздар қомақты ақшайлы сыйлықтармен марапатталады. Жарыстың жүлде қоры – 100 000 АҚШ доллары.

Ал турнирге екі мәрте әлем чемпионы, 5-Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарының және Дүниежүзілік жекпе-жек ойындарының жеңімпазы

Жұмажан Қожамбеков, әлем чемпионы, 5-Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарының жеңімпазы Ерсұлтан Мұзаппаров, Азия және Әлем Кубогтарының жеңімпазы Алтынбек Аусағитов, әлем және Азия чемпионы, «Дала қырандары» РТ екі дүркін чемпион Нұрәулет Жарылғапов және «Қазақстан барысы – 2024» турнирінің жеңімпазы, екі дүркін күміс жүлдегер Ерасыл Қажыбаев сынды палуандар қатысады.

– Биылғы турнирдің басты ерекшелігі – шоу элементтерінің енгізілуінде: танымал қазақстандық спортшылар Руслан Әбдіразақов, Саят Шәмшиев және Василий Тахтай боз кілемде «Бас балуаны» атағына ие болады. Сонымен қатар, жеңімпаздар қомақты ақшайлы сыйлықтармен марапатталады. Жарыстың жүлде қоры – 100 000 АҚШ доллары. Ал турнирге екі мәрте әлем чемпионы, 5-Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарының және Дүниежүзілік жекпе-жек ойындарының жеңімпазы

ЖАСТАР ТЕАТРЫ

ҚАҢТАР 2025

ХVIII театр маусымы

Мекен-жайымыз: I Есенберлин Ю. Касса: 8 7772 39 26 48 Байланыс тел: 8 7772 38 01 19

ОНЛАЙН БИЛЕТ

Мұқабалық жас көрермен театры muztheatre.kz

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЖАСТАР ТЕАТРЫ

18 сен. 19.00	«АНОТ» С.Сәтпейісов (психологиялық драма) Режиссер – Бекболат Қурманғалиев	16+
19 жек. 19.00	«КӨЗІМЕ БІР КӨРІНСЕҢ БАЛА ҒАШЫҚ...» В.Сопкалбаев (романтикалық комедия) Режиссер – Дәріп Сәтпейісов	16+
22 сәу. 19.00	«РЕВИЗОР» Н.Гоголь (комедия) Команда режиссері – Нұржан Жәнішев	16+
23 бей. 11.00	«ҚАР ХАНШАЙЫМЫ» Г.А.Андерсен (опера) Режиссер – Нұрлан Аманжол	5+
26 жек. 19.00	ПРЕМЬЕРА «АҚ КЕМЕ» Ш.Айтбай (драма) Команда режиссері – Шығай Жаңағали	16+
29 сәу. 19.00	«ЖАНАРЫМДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ӨУЕН» М.Жадыбай (драма) Команда режиссері – Нұржан Жәнішев	16+
30 бей. 11.00	«ҚАР ХАНШАЙЫМЫ» Г.А.Андерсен (опера) Режиссер – Нұрлан Аманжол	5+
01 02 сәу. 19.00	ПРЕМЬЕРА «КАРАГӨЗ» М.Әуезов (драма) Режиссер – Дәріп Сәтпейісов	18+

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ ЖАС КӨРЕРМЕН ТЕАТРЫ

ҚАҢТАР АЙЫНА АРНАЛҒАН РЕПЕРТУАР

11 18:00	«ҒАУҒАРТАС» Коллективтік драма Аттары: Д.Сәтпейісов, Режиссері: А.Мамыров	22 19:00	«ШЕМШІ» Мюзикл Аттары: М.Мағжан, Режиссері: А.Мамыров
12 18:00	«АБАЙ-ТОРЖАН» Аттары: М.Мағжан, Режиссері: А.Мамыров	23 19:00	«МАХАББАТ БАР МА?» Аттары: К.Мұрат, Режиссері: А.Мамыров
14 19:00	«ҚЫЗЖЫЛАҒАН» Аттары: В.Языков, Режиссері: А.Мамыров	24 19:00	«ҚЫЗЖЫЛАҒАН» Аттары: В.Языков, Режиссері: А.Мамыров
15 18:00	«ҒАШЫҚ-ЖҮРЕК» Мюзикл Аттары: М.Мағжан, Режиссері: А.Мамыров	25 18:00	«ҒАУҒАРТАС» Аттары: Д.Сәтпейісов, Режиссері: А.Мамыров
16 19:00	«МАХАББАТ ЖАҒАЛАУЫ» Аттары: М.Мағжан, Режиссері: А.Мамыров	26 18:00	«ҒАУҒАРТАС» Аттары: Д.Сәтпейісов, Режиссері: А.Мамыров
17 19:00	«S.O.S.» Аттары: М.Әуезов, Режиссері: А.Мамыров	28 19:00	«ҮНСІЗДІК» Аттары: Ж.Аманжол, Режиссері: Е.Жантөле
18 18:00	«ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ...» Аттары: М.Әуезов, Режиссері: А.Мамыров	29 19:00	«МАХАББАТ ЖАҒАЛАУЫ» Аттары: М.Мағжан, Режиссері: А.Мамыров
19 18:00	«ИНОСК ҚЫЗДАР» Аттары: К.Рәсіп, Режиссері: А.Мамыров	30 19:00	«СЫЛАҚ ҚЫЗ» Аттары: Ж.Аманжол, Режиссері: А.Мамыров
21 19:00	«ИНОСК ҚЫЗДАР» Аттары: К.Рәсіп, Режиссері: А.Мамыров	31 19:00	«SHANEL №5» Аттары: М.Мағжан, Режиссері: А.Мамыров

РЕПЕРТУАР

11 18:00	КҮШІК КҮЙЕУ КОМЕДИЯ
16 19:00	ҚОШ МАХАББАТ МЕДИАРАМА
18 19:00	АУЫЛА ХИКАЯЛАРЫ ДРАМА
19 19:00	АУЫЛА ХИКАЯЛАРЫ-2 ДРАМА
22 19:00	БОЛАМАҒАН БАЛААҒЫ ПІШКІ ДРАМА
23 19:00	ЧАРАЙ ЧАПАН ТРАГИКОМЕДИЯ
24 19:00	АКАН СЕРІ ТУРАМ АНИЗ
26 19:00	КЕАНАР КӨТЕРІЛІСІ КОМЕДИЯ
29 19:00	АЛШ ЖОЛЫ ДРАМА
30 19:00	СЕНІ САҒЫНАМ... ДРАМА
31 01 19:00	ТАНАҚАЗ МЕДИАРАМА

КАҢТАР

+7 702 059 50 79

www.astana-akshamy.kz Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA АҚПАРАТ

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫП**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №3

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА